

№5 тәжірибелік сабак.

Тақырыбы: Шешендік сөздер

Сабақтың мақсаты: Шешендік сөздер туралы мәлімет алу.

Негізгі сұрақтар:

1. Шешендік сөздердің табиғаты, атқарған қызметі мен қоғамдық мәні.
2. Шешендік сөздердің жиналу және зерттелу тарихы.
3. Жанрлық түрлері.
4. Шешендік арнау.

Тапсырма: Жанрлық өзгешеліктері. Шешендік сөздердің жиналу, зерттелу тарихы. Жанрлық түрлері: шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау. Шешендік сөздердің көркемдік сипаты, ырғақты қара сөз бен өлең формасының аралас келуі. Түсінік сөздерінің атқаратын қызметін айқындау. Эссе жазу.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:

Эссені қалай бастайды

Жиі сөзшең және өз ойын қағазға түсіру қабілетіне ие адамдарда шығарманы, соның ішінде эссені бастауда қындық туады. Бірақ, эссені қалай бастауды ойладап отыра берсең айтарлықтай көп уақыт кетеді, ал бұл шығармашылық жұмыстың үрдісін едәуір тұмандандырады.

Сондықтан, эссені қалай бастау керектігі туралы ұсынған кеңестерімізді пайдаланыңыз.

1-кеңес. Эссе жазуды бастамас бұрын, идеяны тұжырымдап, мақсатты анықтап, және жұмыс үшін ақпарат көздерін тауып алу керек.

2-кеңес. Еркін жазу әдісін қолданыңыз. Оның мәні – болып жатқан нәрселерді міға редакциялаусыз және грамматика, пунктуация, стиль секілді т.б. ережелерге бағынбай-ақ жазуда. Бұл шығармашылық дағдарыспен құресуге және керемет идеяларды табуға көмектесетін тамаша тәсіл.

3-кеңес. Кіріспе бөлімге тоқтап қалмау керек. Алғысөзді негізгі бөлім жазылғаннан кейін де жазса болады. Бұл жағдайда эссенің не туралы жазылғаны түсінікті болғандықтан, кіріспені де жазу онайырақ болады.

4-кеңес. Эссе жазудың барынша кеңінен тараған танымал нұсқаларының бірі – бірінші сұрақтан бастап, оған жауап жазу.

Эссеge қалай жоспар құруға болады

Бірден мінсіз жоспар құруға ұмтылуға болмайды. Өйткені, ол жұмыс барысында редакциялануы мүмкін. Оның үстіне эссе жазу кезінде жоспар құру мүлдем қажет емес, сонымен қатар құрастырылып қойған жоспарға да сүйенудің қажеті жоқ. Шектеулер мен қатаң шенберлердің болмауы осы жанрдың артықшылығы болып табылады. Егер авторға қатаң жоспарға сүйену онай болса, онда оны құрастыру үшін де уақыт қажет.

Сондай-ақ, барлық негізгі ойлар жоспардың тармағы түрінде көрсетілуі керек. Одан кейін, әр тармақты тармақшаларға бөліп, ойды толығымен егжей-тегжейін ашып, жеткізуге болады.

Содан кейін жоспарды қайтадан оқып шығып, әр тармақ өз орнында тұр ма және жеткілікті түрде ашылды ма, соны тексеріп шығыңыз.

Эссеңің құрылымы неден тұрады

Эссе жазу тәртібі әдетте үш қадамнан тұрады.

- **Кіріспе бөлім**

Кез келген жазбаша жұмыс секілді, эссе де кіріспе бөлім немесе кіріспе болады.

Жақсы жазылған кіріспе оқырманның қызығушылығын оятып, эссеңі аяғына дейін оқуға қызықтырады. Кіріспе бөлімде мәселенің тұжырымдамасы және оның маңызы, риторикалық сұрақ, дәйектес және т.б. болуы мүмкін. Сондықтан, ерекше эмоционалды түрде ойланған отырып, оқырманды қаралатын мәселеге алып келу маңызды.

- **Негізгі бөлім**

Басты бөлімде қарастырылып отырған мәселе бойынша әртүрлі көзқарастар келтіріп, мәселенің тарихын қозғауға болады.

• Әдетте негізгі бөлім әрқайсысында үш бөлім болатын бірнеше тармақшалардан тұрады: тезис (дәлелді пікір), дәлелдеу (тезисті дәлелдеу үшін пайдаланылатын дәлелдер) және тұжырым (негізгі мәселеге ішінара жауап). Дәлелдер оқырманды қандай да бір көзқарастың шынайылығына сендіру үшін айтылған пікірлер болып табылады. Бұл өмірден алғынған түрлі жағдайлар, ғалымдардың пікірі, дәлелдемелер және т.б. болуы мүмкін.

Дәлелдеме келесі ретпен жасалуы мүмкін:

1. Пайымдау
2. Түсіндіру
3. Мысал
4. Қорытынды пікір
5. Тұжырым

Қорытындыда негізгі бөлімде ұсынылған және әр тезис бойынша тоқталған барлық тұжырымдар біріктіріледі. Ал оқырман берілген дәлелдер негізінде қисынды қорытындыға келуі керек. Сонында, мәселе қайта қайталанады және қорытынды шешім жасалады.

Егер кіріспе бөлімнің мақсаты оқырман қызығушылығын тудыру болса, онда соңғы сөйлемдердің мақсаты жалпы суретке (оій) тұластық қосып, жұмысты оқырманның есінде қалдыру және ойлануға итермелу болады.

Дайындалуға арналған сұрақтар:

- 1.Шешендік толғау.
- 2.Шешендік дау.
- 3.Шешендік сөздердің аныз, мақал-мәтелдермен байланысы.
- 4.Шешендік сөздердің эстетикалық, тәрбиелік мәні-маңызы.

Есеп беру түрі: Эссе жазу.